

Шымкент қаласының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережені бекіту туралы

Шымкент қалалық мәслихатының 2019 жылғы 29 наурыздағы № 47/386-6с шешімі. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2019 жылғы 8 сәуірде № 28 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 12-3) тармақшасына сәйкес Шымкент қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 29.09.2023 № 7/73-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Шымкент қаласының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереже осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 29.09.2023 № 7/73-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. "Шымкент қаласы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы шешімді Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы – Шымкент аймақтық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;
- 3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Шымкент қаласында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарына жіберуді;
- 4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Шымкент қаласы мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Шымкент қаласы мәслихатының 29.09.2023 № 7/73-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласы
мәслихаты сессиясының төрағасы
Шымкент қаласы
мәслихатының хатшысы

М.Битеміров

Ғ.Ташқараев

Шымкент қаласы мәслихатының
2019 жылғы 29 наурыздағы
№ 47/386-бс шешімімен
бекітілген

Шымкент қаласының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереже

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 26.12.2025 № 32/298-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Шымкент қаласының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 12-3) тармақшасына сәйкес әзірленді және Шымкент қаласының Құрмет грамотасымен наградтау тәртібін реттейді.

2. Шымкент қаласының Құрмет грамотасымен (бұдан әрі – Құрмет грамотасы) Шымкент қаласына сіңірген еңбегін мойындау белгісі ретінде өндіріс, бизнес, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, шығармашылық, спорт, заңдылықты, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоршаған ортаны қорғау, басқа өңірлермен мәдени және экономикалық байланыстарды кеңейту, халықтар арасындағы достық пен ұлтаралық келісімді нығайту салаларындағы қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан, мемлекеттік және әскери қызметте елеулі жетістіктері, жемісті қоғамдық және қайырымдылық қызмет атқарған Қазақстан Республикасының азаматтары наградталады.

Сондай-ақ, Құрмет грамотасымен Шымкент қаласына еңбек сіңірген шетел азаматтары да наградталуы мүмкін.

3. Құрмет грамотасымен осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген қызмет салаларында кемінде 5 (бес) жыл жұмыс өтілі бар азаматтар наградталады.

4. Құрмет грамотасымен наградтау туралы өтінішхатты Шымкент қаласы мәслихатының депутаттары, еңбек және шығармашылық ұжымдар, қоғамдық және діни бірлестіктер, саяси партиялар, заңды тұлғалар немесе бастамашыл топтар (бұдан әрі – өтінішхат беруші тұлға) енгізеді.

5. Заңсыз сотталған және кейіннен толық ақталған азаматтарды қоспағанда, соттылығы бар, сондай-ақ бұрын сотталған адамдар Құрмет грамотасымен наградтауға жатпайды.

2-тарау. Құрмет грамотасымен наградтау тәртібі

6. Азаматты немесе шетел азаматын Құрмет грамотасымен наградтау туралы өтінішхат Шымкент қаласы мәслихатының аппаратына (бұдан әрі – мәслихат аппараты) мынадай мәліметтерді көрсете отырып жолданады:

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);

туған күні, айы, жылы;

білімі туралы мәліметтер;

жарғылық немесе құрылтай құжаттарына сәйкес ұйымның толық атауы;

өтініш берілген күнге атқаратын лауазымын толық көрсете отырып, жұмыс орны;

осы Ереженің 2-тармағына сәйкес еңбек қызметі, жетістіктері, құрметті атақтар, наградалар туралы.

7. Осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген құжаттар қарау үшін наградтау күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей мәслихат аппаратына ұсынылады. Егер құжаттарды ұсынудың соңғы күні мереке немесе демалыс күнге дәл келсе, құжаттарды ұсынудың соңғы күні одан кейінгі келесі жұмыс күні болып саналады.

8. Құжаттардың уақтылы ұсынылмауы немесе ұсынылған құжаттардың осы Ереженің 6-тармағына сәйкес келмеуі өтінішхатты қараусыз қалдыру үшін негіз болып табылады.

9. Азаматтарды Құрмет грамотасымен наградтау туралы қайта өтінішхат беру алдыңғы наградтау сәтінен бастап 5 (бес) жылдан ерте емес уақыттан кейін жүргізіледі.

10. Құрмет грамотасымен наградтау туралы өтінішхат, мәслихат аппараты құжаттардың уақтылы ұсынылуын және ұсынылған құжаттардың осы Ереженің 6-тармағына сәйкес келуін тексергеннен кейін, мәслихаттың тұрақты комиссиясының (бұдан әрі – Тұрақты комиссия) қарауына енгізіледі.

11. Тұрақты комиссия өтінішхатты түскен күнінен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде қарайды.

Қарау нәтижесі бойынша Тұрақты комиссия "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 3-тармағына сәйкес қаулы қабылдайды.

12. Құрмет грамотасымен наградтау туралы шешімді мәслихат қабылдайды. Мәслихат Құрмет грамотасымен наградтау немесе наградтаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Бас тартқан жағдайда, мәслихат аппараты қабылданған шешім туралы өтінішхат беруші тұлғаға шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күн ішінде жазбаша хабарлайды.

Мәслихаттың шешімі түпкілікті болып табылады.

13. Құрмет грамотасына мәслихат төрағасы қол қояды.

14. Құрмет грамотасын салтанатты жағдайда мәслихат төрағасы тапсырады.

15. Наградалған адам, оған қатысты соттың айыптау үкімі күшіне енген жағдайда мәслихат төрағасының ұсынысы негізінде мәслихат шешімімен Құрмет грамотасынан айырылады.

16. Осы Ереженің 15-тармағында көзделген негіздер бойынша Құрмет грамотасынан айырылған адамдарды қайта наградтау жүргізілмейді.

17. Заңсыз сотталған және толық ақталған азаматтардың Құрмет грамотасына құқықтары мәслихат төрағасының өтінішхаты негізінде мәслихат шешімімен қалпына келтіріледі.